Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 251

ОПИСТОРХОЗ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖӘНЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗАРДАП ТИГІЗЕТІН ИНВАЗИЯЛЫҚ АУРУ

Байболин Ж.Б.

Описторхоз-кеңінен тараған табиғи-ошақты ауру. Обь-Ертіс бассейн аумағында бауыр паразиттік трематодаларының ішінде барынша тарағаны *Opisthorchis felineus*. Ресейдің Европалық бөлігінде аталмыш паразитпен тұрғындардың шамамен 0,02-0,1% жұқтырылған. Эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек Сібірдің кейбір эндемиялық аудандарында ересек тұрғындарының 85-90%-на дейін описторхозға шалдыққан. Бұл инвазиядан азап көретін адамдардың саны тек сол аудандарда 2-10 миллион адам шегінде бағаланып отыр.

Қазақстанда адамдардың бұл аурумен инвазиялануы ТМД елдеріндегі ең жоғарығы деңгейде болып отыр. Санитарлық-эпидемиологиялық станцияның мәліметтері бойынша 2002-2009 жылдар аралығында жалпы алғанда 100 мың тұрғынның 10,5-тен 12,0-і описторхозға ұшыраған. Бұл ауру, әсіресе, 2003-2005 жылдар аралығына көбірек тіркеліп, 100 мың тұрғынға шаққанда 12,5-тен 14,2-ге дейін өскен. Статистикалық мәліметтер бойынша Ақмола облысында жыл сайын описторхозбен ауырған адамдардың саны әртүрлі деңгейде болып отыр. Орташа есеппен алғанда бұл облыста жыл сайын 1400-ден 2000-ға адам описторхозды жұқтырып келеді.

Адамның описторхозбен инвазиялануы ангихолит, холестицит, панкреатит, бауыр циррозы, анемия сияқты көптеген патологиялардың өрістеуіне және билиарлық жүйеге вирустық және бактериалдық инфекцияның енуіне, гепатиттің пайда болуына, өт жолдарында және асқазан асты без жолдарында тастардың пайда болуына себебін тигізеді. Описторхозбен ауру адамдарда бронхиальды тұншықпаның 3-есе, ал қант диабеті 4-есе жиі кездесуі және гепатобилиар жүйесіндегі ісік ауруларының пайда болуы байқалған.

Қазақстан үшін жоғары дәрежеде ластанған ірі эндемиялық территориялардың, атап айтсақ Ертіс, Есіл-Нұра бассейндерінің болуы, және бұл аймақтардағы тұрғындардың басқа аймақтарға миграциясы описторхоз ауруының өзектілігін көтеріп отыр.

Қазіргі кезде Есіл-Нұра бассейні Ұялы көлдер жүйесіндегі кәсіптік маңызы бар карп тұқымдас балықтардың (торта, қарабалық, аққайран, тұқы, лещ, қаракөз, сазан, чебак және т.б.), *Bithynia leachi* моллюскасының және ет қоректілердің описторхозға шалдығуы, соның ішінде адамдардың да инвазияға ұшырау деңгейі арта түсуде. Ғылыми деректер бойынша Ақмола обылысы бойынша описторхозбен энтинсивті инвазияға ұшыраған балықтың түрі аққайран мен қызылбұрыш. Бұл көрсеткіш аққайран және қызылбұрыш үшін сәйкесінше 19 % және 15% құрайды. Ал, кейбір деректерге сүйенсек, табан

балықтардың Ақмола облысы бойынша описторхозбен жұқтырылу деңгейі 80% -ға дейін өскен.

Қорыта келгенде, описторхоз ауруын Қазақстан үшін әлеуметтік және экономикалық маңызы бар үлкен өзекті мәселе ретінде қарастыру керек. *Opisthorchis felineus*-тің даму сатысына қатысатын жан-жануарлардың описторхоз ауруының таралуындағы рөлін терең зерттеп, адамдар мен жануарлар арасында бұл инвазияның алдын-алу мақсатында практикалық ұсыныстар әзірлеу-балық шаруашылығының маңызды шаралардың бірі болмақ.